

Туралиева А.С., Мадуанова А.С., Абдраханова Г.

*Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясының колледжі,
Қазақстан*

«Ши құрақты киімде қолдану тәсілдері»

Құрақ тігу әдістері ғасырлар бойы қалыптасқан және халықтық өнердің барлық түрлерімен тығыз байланысты. Маталарды жинау мен тігудің әртүрлі әдістері, аппликация, тігу, кесте тігу біздің планетамыздағы барлық мәдениеттерге тән.

Мата қиындыларынан жасалған бұйымдардың алғашқы үлгілері Египет пирамидаларынан, сондай - ақ Ұлы Жібек жолы өтетін жерлердегі қазба жұмыстары кезінде Қытайдан, Орта Азия елдеріне баратын ежелгі сауда керуендерінің бағытынан табылған екен. Бұл матадағы сюжеттік қосымшалар мен ою-өрнектер болды.

Еуропаға төсеніш XVII ғасырда Шығыстан келді. Бұл уақытта батыс елдерінде және Ресейде әдемі мақта маталары пайда болды. Маталар ол кезде қымбат болғандықтан, шеберлер матаның майда қиындыларына дейін, қалдырмай, бұйымдарда қолданған. Бұл балалар мен ересектерге арналған жастықтар, көрпелер және басқа бұйымдар болды. Құрақ тігісі әйелдердің бірден бір қолөнеріне айналды.

Осы уақытқа дейін көне шеберлердің біраз жұмыстары ғана қалған. Мәселен, Ұлыбританияның бір көне қамалдарында, құрақ көрпелердің бірнеше топтамасы сақталған, олар ерекше оюлармен, аппликация түрлерімен әшекейленген.

Еуропалықтардың Америкаға қоныс аударуында, құрақ тігу немесе квилтинг (ағылшынша "квилт" - "төсеніш") маңызды рөл атқарды.

Орташа және қатаң тұрмыс жағдайы, үй шаруашылығымен айналысқан адамдарды құрақ тігіп, бірігуіне ықпал етті. Әйелдер жиналып, әр матаның қиындыларын мұқият сақтап, (жаңа әлемдегі маталар нағыз зергерлік бұйымдар) қажетті заттарды - көрпелерді тігеді. Тіпті, көрпелерді пайдалану

дәстүрлері де пайда болды: сонымен, үйлену тойына қыз өзіне он екі құрақ көрпешенің сиқырын дайындайды, ал достары, қалыңдық үйленгенге дейін киген киім-кешектерін пайдаланып, оған тағы біреуін сыйлық ретінде тігіп береді. Бұл еуропалық дәстүрлердің бір түрі, бірақ қазақ халқында да, қыздарға жасау жасалынады. Қазіргі кезде жасаудың неше түрлі керемет маталардан, оюларынан жасалатынын жасауын көруімізге болады. Америкада тігістің өзіндік бағыты пайда болды, ол бай тігіспен, геометриялық блоктармен және Grazy техникасымен ерекшеленеді.

Бұл күндері құрақ құрау техникасына деген қызығушылық әлсіреп емес, керісінше, үнемі өсіп келеді. Жетекші дизайнерлер матаның бөліктерінен жасалған түпнұсқа "картиналарға" назар аударады және өз топтамаларын жасау кезінде құрақ құрау әдістерін қолданады. Құрақтан жасалған бұйымдар жатын бөлмесінің қарапайым аксессуары болуды тоқтатты, енді олар қонақ бөлмелері мен шкафтардың қабырғаларын безендіретін сәндік паннолар ретінде қызмет етеді.

Құрақ құрау техникасы сізге жарықтығы мен балғындығында шынымен таң қалдыратын өнер туындыларын жасауға мүмкіндік береді. Олардың халық шығармашылығымен байланысы ерекше заманауи.

Қазіргі кезде «Киім дизайнерін» дайындау барысында, арнайы курс сабақтарында, осы құрақ тігу техникасын қолға алып отырмыз. Арнайы курс сабағында құрақтың негізгі түрлері өтіледі. Құрақтың түрлері көп, әр халықта өзіндік құрақ түрлері бар. Біз сабақ барысында түрлі құрақ түрлерін өтуге тырысамыз. Атап айтсақ: ши құрақ, тырна құрақ, ботакөз құрақ, синель француздық құрақ, спираль орыстардың құрағы, японская кэса және т.б құрақ түрлері сабақта өтіледі. Ол студенттердің басқа халықтардың да құрақ түрлерін жан жақты білулеріне ықпал етеді.

Сабақ барысында құрақ түрлерін өтіп болған соң, әр студент өз таңдауы бойынша сумка, жастық және тағы басқа бұйымдар жасайды және де өздеріне ұнаған құрақ түрлерін жасаған бұйымдарында қолданады.



Көненің көзі – шебер әжелеріміздің жұмыстары



Суреттерде құрақты киімде қолданудың бір түрі.




Бүгінгі тақырыбымызға сай ши құрақтың негізіне қарап отырып, жаңаша маталар түрін қолданып, сабақ барысында, киім үлгісін әшекеелеудің, ши құрақтың жасалу жолдарын көрсетеміз

Ши құрақтың жасалу жолдары 1ші түрі. Алдымен жіңішке етіп маталар кесіп аламыз (1), көзі бар ши құрақ үшін төрт бұрышты маталар қиындысын дайындап аламыз (2), төрт бұрышты маталар қиындысын жіңішке етіп қиылған маталармен қосып тігеміз(3), алдымен, тікпес бұрын астарлық болатын кез келген 15х15 мата дайындап аламыз, негізгі көзін матаның бұрышынан бастап тігеміз, көзінің жан жағынан жіңішке кесілген сызық маталарды кезекпен тігеміз (4,5,6,7,8)



1



2



3



4



5



6



7



8

Ши құрақтың жасалу жолдары 2ші түрі. Ши құрақтың 2ші түрінде, тағы да астарлық мата дайындаймыз, бірақ көзін ортасынан бастап тігеміз (9), айнала жіңішке кесілген маталарды кезектеп тігеміз (10,11,12)



9




10



11




12



Жұмыстың аяқталуы

Аяқталған жұмысты жиектеп бір түсті матамен тігіп шығамыз. Жиектеп тігіп болған соң, шашақ тігіп әшекелейміз



Киім үлгісін ши құрақпен әшекелейміз, көйлектің ортаңғы жағына орналастырамыз, екі жақ қалта бойын әшекелейміз.



Ши құрақ- жіңішке кесіліп құралатын құрақ түрлері. Көненің көзі көздің жауын алады. Қалай осындай заттарды көре отырып құрақпен айналыспайсың.....

Әдебиеттер:

- 1.Т. В. Измайлова. Пэчворк. Самое полное и понятное пошаговое руководство по лоскутному шитью для начинающих. Новейшая энциклопедия. Эксмо, 2018 г
- 2.Б. Жандр. Пэчворк в стиле кантри. Лоскутные проекты для дома и дачи. Контэнт, 2017 г.
- 3.Й. Сайто. Японский пэчворк Контэнт, 2020 г.
- 4.Л. Э. Маджидимер. Красочный пэчворк. Яркие цветочные проекты!. Контэнт, 2014 г